Буллинг қайтсе тыйылады?
2-бет

IT-алқап: Қарағанды көш бастап тұр
5-бет

Ұлыларды ұлықтаған ән кеші
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, **14 ҚАРАША**, 2024 ЖЫЛ **№128 (23 450)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● 15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА ЖӘНЕ ҚАРЖЫГЕРЛЕР КҮНІ

Төрге оздырған төл теңге

1993 жылғы 15 қарашада Ұлттық валюта – теңгенің қолданысқа енгізілуіне байланысты Қазақстанның қаржылық тарихында жаңа парақ ашылды. Бұл қадам – қаржы нарығын қалыптастырудың және елдің тәуелсіз ақша-несие саясатын жүргізу жолының алғашқы бастамасы. Кез келген елдің тарихында бір ақ рет қана болатын оқиғадан кейін «теңге» егемен елдің Ұлттық валютасы ретінде өзінің жолын бастады. Сол кезде жас әрі тәуелсіз елдің азаматтары алғаш рет төл теңгенің тұңғыш купюраларын қолдарына алған күннен бері қанша жыл өтсе де, теңге әлі күнге дейін әлем елдерінің банкноттарымен салыстырғанда өзінің құндылығын жойған емес. Дизайны жылдар бойы жасалған өзге елдердің ақшаларымен салыстырғанда, небары жарты жылдың ішінде дайын болып, көркемдігі жағынан ең жоғары халықаралық наградаларға ие болған теңгенің әлемдегі ең қорғалған валюталардың бірі екенін де айту керек.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Теңге атауының қалай пайда болғанын және оның тарихын бүгінде әр қазақстандық білетініне кәміл сенімдіміз. Аға буын алғаш қолданысқа енгізілген қағаз тиын мен қазақтың ұлы тұлғаларының бейнесі бар купюраларды жақсы біледі. Әл-Фараби мен Әбілқайырдың, Сүйінбай мен Құрманғазының, Шоқан мен Абайдың бейнесі бар Ұлттық валюта – теңгені қолына алып, кеудесіндегі қуаныш сезімін жасыра алмай, ерекше сезімде болғаны анық. Аумалы-төкпелі кезеңде дүниеге келіп, қиындықпен қол жеткізген теңгенің әр қазақстандық үшін қастерлі болуы кейінгі ұрпақ үшін – міндет.

Сол кезде Ресейде өзінің ақша реформасын жүргізуі Қазақстанның экономикасына үлкен соққы болды. Әлбетте, осындай жағдайдан кейін теңгені енгізу күрделі операция болғаны анық. Тарихи деректер оған дайындық 1991 жылы басталғанын көрсетеді. Ал, жылдам әрекет етпесе, таразы басында – халықтың әл-ауқаты.

➤ 4-бет

Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

● РЕСМИ

Өндірісте жүріп оқи алады

Мәжіліс депутаттары бірінші оқылымда білім беру және бала құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Заң жобасын қарады. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, онда техникалық және кәсіптік оқыту ұйымдарында онлайн оқыту нысаны мен академиялық ұтқырлық қағидаты бар.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бұл жаңалық өндірістен қол үзбей кадрлар даярлау мәселесін шешеді және студенттерге оқу мен еңбек қызметін үйлестіре отырып, жеке бағдарламалар бойынша оқуға мүмкіндік береді. АҚШ, Канада, Қытай, Аустралия және Ұлыбритания сияқты елдердің тәжірибесін онлайн білім беру жүйесіне бейімдеп, жаңа білім мен дағдыларға қол жеткізуге мүмкіндік беретінін көрсетеді, – деп атап өтті министр.

Оның айтуынша, онлайн оқыту форматын енгізу колледждерге білім беру бағдарламаларын икемді бейімдеуге, ал, студенттерге – жұмысты үзбей, нақты жағдайларда практикалық дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. IT-мамандықтарға ерекше назар аударылмақ. Қазіргі уақытта осы бағыттар бойынша 227 колледж дайындалуда, 56 мың студент білім алуда. Сондай-ақ, академиялық ұтқырлық – студенттерге қазіргі уақытта қол жеткізе алмайтын озық инфрақұрылымы, жабдықтары мен ресурстары бар колледждерде оқуға мүмкіндік береді.

– Осының арқасында аз жабдықталған оқу орындарының студенттері халықаралық стандарттар бойынша жабдықталған колледждер базасында білім алады, – деді Ғани Бейсембаев.

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Қысқы отынның жылдағы «жыры»

Қарашаның алғашқы онкүндігінде-ақ Арқада ақтүтек боран соқты. Ауылдағы ағайын шөбін үйіп, қысқы отынын әзірлеп алған. Алайда, бұған үлгермей жатқан да ел-жұрт бар. Әсіресе, көмір тапшылығын ақтоғайлықтар кешегі күнге дейін сезініп келді. Дегенмен, аудан басына көмір жеткізу жұмысында іркіліс азайды. Мұнымен қоса, шалғайдағы ел-жұрттың көмір бағасына көңілі көншімейді.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Арбалап емес, дорбалап тасуға рұқсат

Қарағандыдағы арнайы көмір сату нүктелерінде жеткілікті көлемде қор бар. Бірақ, Ақтоғайдағы көмір сататын екі үлкен базаға енді жеткізіле бастады. Енді ғана жолы жөндеу көргендіктен 30-40 тонналық жүк көліктеріне жүруге рұқсат жоқ. Тіпті, жақында олар 2 млн теңгеге жуық айыппұл арқалаған. Кейіннен ақтоғайлықтарды қысқы отынмен қамтамасыз етіп отырған екі бірдей базаның техникаларына шектеулі мөлшерден асырмай көмір тасуға рұқсат берілген. Дегенмен, «Бұған дейін көмір мүлдем болмады деуге келмейді» дейді аудан әкімінің орынбасары Ардагер Қапашев.



Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

– Қысқы отын Қарағандыдан екі бірдей көмір нүктесіне аз-маздан тасылды. Бұған дейінгі «Аудан мүлдем көмірсіз қалды» деген жаңсақ әңгіме. Аудан басындағы бес кәсіпкер өздерінің жүк көліктерімен тасып, сатты. Бірақ, көмір тапшылығы болғаны рас. Өйткені, екі ірі көмір тасымалдаушы кәсіпкер енді-енді кірісті. Апта басында Қарағандының сату нүктелерінен «Мұнайтпасов» көмір базасына 60-70 тонна көмір жеткізілді. Енді күніге «КамАЗ» жүк көліктері қысқы отынды осындай мөлшерде әкеліп, сатып жатыр. Ал, «Кеңасу» қоймасындағылар «Шұбаркөл көмір» акционерлік қоғамының өз басынан тасуды бастады. Олар күніне 100-110 тонна көмір әкеледі. Біз өз тарапымыздан көмір таситын екі кәсіпкерге кезексіз тиеп алуды ұйымдастырып отырмыз. Өйткені, жол алыс. Бағаны да былтырғыдан өсірмей, келіссөз жүргізіп отырмыз, – дейді аудан әкімінің орынбасары Ардагер Ермекбайұлы.

Алыпсатарға ауыл өкпелі

Тағы бір шаруа, сөз басында айта кеткеніміздей, аспандаған бағаға ел-жұрттың базынасы бар. Ақтоғай ауылының ақсақалы Болат Тілеубергенов отынды шарықтаған бағаға амалдың жоқтығынан алады дейді.

➤ 6-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	10447,44	5882,60
		12 ай	20894,88	11765,20
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116 теңге	6 ай	3386,60	3074,60
		12 ай	6773,20	6149,20

25 қазаннан 25 қараша аралығындағы жеңілдік тарифтері (жылдық жазылу шарты бойынша)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		19 454,88	10 397,20
Жеке жазылулар үшін	3492	6149,20	5 633,20

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНЕ

Kaspi QR

АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Жеке жазылушылар үшін

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 525.49 ●**USD/KZT** 494.95 ●**RUB/KZT** 5.05 ●**CNY/KZT** 68.40

Қазақстан Ұлттық Банкінің 13 қараша, 2024 жылғы дерегі бойынша

Буллинг қайтсе тыйылады?

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Аймақтағы тоғыз мектеп республикалық «KiVa буллингке қарсы бағдарламасы» пилоттық жобасына қатысуда. Жоба балаларға эмоцияны дұрыс білдіруді үйретеді. Осы орайда облыстың білім беру ұйымдарындағы педагог-координаторлар балаларды кибербуллингтен қорғау мақсатында жұмыс істей бастады.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысқан Жастар ісі жөніндегі кеңесте аймақтағы буллингке қатысты мәселелер айтылды. Сондай-ақ, «ДосболLike» акциясы аясындағы жұмыстар қорытындыланды. Акцияға бес мектеп қатысқан. Бұл оқу орындарындағы әлеуметтік-эмоционалдық жағдайды жақсартуға бағытталған.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеңесте көтерілген сұрақтар жастар саясатының өзекті мәселелерін жүйелі түрде шешуге ықпал етеді. Облыстың білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова жастар кеңесінің отырысында буллингтің алдын алу бойынша мектептерде жүргізілетін профилактикалық жұмыстарды айтып берді.

– Өткен жылдан бері облыста бірнеше жаңа жоба іске асырылуда. Мысалы, педагогикалық көңіл бөлуді қажет ететін оқушыларды ерте анықтау мақсатында буллинг пен зорлық-зомбылық белгілерін ерте тану үшін әлеуметтік-психологиялық бақылау картасы әзірленді. Бұл құралды психологтар мен әлеуметтік педагогтар сабақ барысында пайдаланады. Сынып жетекшілерінің жоспарында «Психолог сағаты» енгізілген, – деп атап өтті Гүлбақыт Жүнісова.

Жиында сондай-ақ, полиция департаментімен бірлесіп, бес мектепте «Жас Сақшы» пилоттық сыныптары ашылғаны жайлы айтылды. Жобаға Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Саран қалалары мен Нұра ауданы қатысты. Осы орайда облыстың 316 мектебінде психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған «HR+» жүйесі енгізілді. Ата-аналарға арналған педагогикалық қолдау көрсету орталықтары да ашылды.

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің проректорлары мен Қарағанды экономикалық университеті өкілдері жоғары оқу орындарында буллингтің алдын алу шаралары туралы айтты.

– Бұл мәселе тек мектептер үшін ғана емес, жоғары оқу орындары үшін де өзекті. Буллингті жою және оның алдын алу шараларын қабылдау қажет, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Кеңесте Приозерск қаласы мен Нұра ауданының әкімі Жастар ресурстық орталықтарының дамуын баяндады. Бұл орталықтарда жастар жұмысқа орналасу, тұрғын үймен қамтамасыз етуі және мемлекеттік бағдарламаларға қатысу бойынша кеңес ала алады.

Қарағанды облысының жастар саясаты жөніндегі басқарманың басшысы Нұржан Ілияш келесі жылға арналған жобаларды ұсынды. Бірқатар ұсыныстар талқыланды. Облыс басшысы жобаларды пысықтау кезінде жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударуды тапсырды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Есірткісіз аймаққа айналамыз

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс әкімдігінде өткен аймақаралық штабтың отырысында есірткіге қарсы саясат қандай деңгейде жүзеге асырылып жатқандығы айтылды. Кеңесте мемлекеттік органдардың өкілдері облысты есірткіден таза аймаққа айналдыру үшін қабылдау керек шаралар талқыланды.

Сурет ашық дерекқоздан

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысында жыл басынан бері 332 есірткі қылмысы анықталып, 445 кг есірткі тәркіленді. Екі жерасты фотолабораториясы жойылды. Есірткі бизнесімен айналысқандардың қызметі тоқтатылды. Қаржы көлемі 2,5 млрд теңгеден асқан 16 күдікті ұсталды.

– Бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск және Балқаш қалаларында еріктілер мен қоғамдық ұйымдардың қолдауымен «СТОП-граффити» ұранымен ауқымды акциялар өткізілді. 2024 жылдың 16 қазанына дейін 410 рейд жүргізіліп, 11 902 наркограффити боялды, – деді облыстық полиция департаменті басшысының міндетін атқарушы Жасқайрат Қайыров.

Заманауи технологиялар дәуірінде қылмыскерлер есірткіні тарату үшін әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді көбірек пайдаланады. Облыстық полиция департамент өкілдері есірткіні жарнамалайтын 177 сайт пен парақшаны бұғаттады.

Отырыста есірткіден емдеу мен оның алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Алдағы уақытта облыстық психикалық денсаулық орталығында газды хроматограф жұмыс істей бастайды.

Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова бұл құралдың көмегімен адамның ағзасында 100-ден астам есірткі түрін анықтауға болатынын айтады.

Аймақ басшысы есірткіге қарсы профилактика жоғары оқу орындарында, колледждер мен мектептерде қолжетімді формада жүргізілуі керектігін атап өтті. Сондай-ақ, ата-аналармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет екендігін ескертті.

– Полиция қызметкерлері қала және аудан әкімдерімен бірге үнемі аулаларды аралап, есірткіні жарнамалайтын орындарды алдын ала анықтауы қажет. Денсаулық сақтау басқармасы мектеп оқушылары мен студенттер арасында үнемі скрининг ұйымдастыруы тиіс. Облыстық диспансер жанынан анонимді кеңес беретін консультациялық орталық ашу қажет. Аймақта есірткіге қарсы күрестің негізгі мақсаты – қоғамды есірткіге тәуелділікпен күресуге шақыратын қоғамдық қозғалыс құру керек. Қарағанды облысы есірткіден таза аймаққа айналуы тиіс, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

• ТАҒАЙЫНДАУ

Өзгерістер жетістікке жетелейді

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласындағы Н.Әбдіров атындағы спорт кешенінде Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденейдің төралығымен Қарағанды облысының ұлттық спорт түрлері қауымдастығының отырысы өтті.

Отырыста қауымдастықтың алдағы уақытта атқарылатын жұмыстары талқыланып және дауыс беру қортындысы бойынша Қарағанды облысының ұлттық спорт түрлері қауымдастығының жаңа президенті болып, Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы – Нұркен Қобжанов тағайындалды. Қауымдастықтың атқарушы директоры болып Олимпиадалық спорт түрлері бойынша Жоғарғы спорт шеберлігі мектебінің басшысы Темірхан Абылаев сайланды.

Мерейтойдағы марапат

Бұқар жырау аудандық Мәдениет үйінде Қазақстан мәслихаттары құрылуының 30 жылдық мерейтойы аталып өтіп, аудандық мәслихаттың осы мерзім ішіндегі 8 шақырылымының көптеген депутаттары өздерінің белсенді саяси қызметі үшін марапатқа ие болды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткенге оралсақ, еліміз егемендік алғаннан кейін осыдан 30 жыл бұрын «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы» 1993 жылғы 10 наурыздағы Заңымен өкілді және атқарушы билік органдарының өкілеттігі бөлінді. Халық кеңестерінің депутаттары мәслихаттар депутаттар жиналысы болып құрылып, 1994 жылдан бастап мәслихаттар өз жұмысына кіріскен еді. Міне, дәл сол кезден егемен Қазақстанның өкілді билік органдарының қызметі есептеліп келеді.

Аудандық Мәдениет үйіне келген ел әуелі осында фойеде қойылған көрмемен танысты. Онда «Қазақстан мәслихаттарына – 30 жыл», «Мәслихат – ел қамқоры», «Халыққа қызмет ету – өмірлік ұстаным» тақырыптарындағы стенділерден жергілікті өкілді органның жүріп өткен жолы мен оның өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі мен сайлаушылардың аманатын орындаудағы депутаттардың іс-қимылдарын көруге болады.

Сахна төрінен Әнұранымыз орындалып, салтанатты жиынды құттықтау сөзбен ашқан облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов:

– Мәслихаттар халық пен билік арасындағы алтын көпір болып саналады. Олардың құрамына халық тікелей дауыс беру жолымен сайлаған депутаттар алғашқы сессияларынан бастап атқарушы органдармен бірлесіп, небір күрделі мәселелерді шешумен келеді, – дей келе, аудандық мәслихаттың әр шақырылымындағы бірнеше депутатқа облыстың Құрмет грамоталары мен облыстық мәслихаттың Алғыс хаттарын, мерейтойға арнап шығарылған медальдарды тапсырды.

Ал Бұқар жырау ауданы әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарын, тиісті медальдарын бір топ депутатқа табыстаған аталған аудан әкімі Ерлан Құсайын сонау тоқсаныншы жылдардағы қиыншылықтарды еске алып, сол сын сағатта да аудандық мәслихат депутаттарының халықпен бірге болып, олардың проблемаларын шешуде табандылық танытқанын тілге тиек етті. Сондай-ақ, ол қазірде аудан әкімі қабылдаған кез келген шешім бірінші кезекте депутаттардың талқысына түсіп, аудандық мәслихат арқылы өтетінін де ашық айтты.

Келесі кезекте аудандық мәслихаттың төрағасы Асхат Әли аудандық мәслихат депутаттарының осы 30 жылда атқарған жұмысы мен жеткен жетістіктеріне қысқаша тоқталып: – Бүгінде мемлекетіміздегі барлық деңгейдегі депутаттар корпусы нығайып, өз аймақтары бойынша барлық мәселелерге араласады. Мәселен, біздің депутаттар облыстық мәслихаттың 5 тұрақты комиссиясының отырыстарына да қатысып, облыстық басқармалар мен департаменттер басшыларына аудан дамуына қатысты сұрақтарын қойып, ел Парламентінің қос палатасымен де тығыз байланыс орнатқан, – деп қуана хабарлап, тағы да депутаттар тобына тиесілі марапаттарын ұсынды.

Бұл салтанат үстінде Асхат Сағадиұлының идеясы бойынша Қаршыға Игеннің режиссерлігімен түсірілген деректі фильм көрсетіліп, ол өңір мен аудандық мәслихаттың даму тарихынан сыр шертіп, жиналғандар оны қызыға тамашалады.

Мерейтой салтанатында жергілікті өнерпаздар Қазбек Талашев, Азамат Амантайұлы, Гүлдана Макшонова, Сая Халидолда, Еркебұлан Қалиев әуелете ән шырқап, «Шұғыла» би тобы мың бұрала билеп, қалың көпшіліктің көңілін бір серпілтті.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

● ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Қазіргінің қаһармандары Қарағандыда құрметтелді

Қазақ қаһарманы Бауыржан Момышұлының «Ерлік – табиғат сыйы емес, саналы әскери тәрбиенің жемісі, Отан алдындағы қасиетті парызыңды орындау үшін адамзаттың ең асыл сезімімен жігерленіп, өзіңді саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр етудің нәтижесі» – деген сөзі бар. Дәл осылай халықты аман алып қалу мақсатында ауыр жарақат алса да, қол гранатасын жаруға әрекет еткен лаңкесті құлатып, кеудесімен жапқан полиция капитаны Ғазиз Байтасовтың ерлігі мен есімі мәңгілік ел есінде. Бұл – 2011 жылғы 12 қарашада болған оқиға. Ерлікпен қаза тапқан тәртіп сақшысына «Халық Қаһарманы» атағы берілгенін білеміз. Ішкі істер министрлігінің бастамасымен еліміздің әр өңірінде Ғазиз Байтасовтың ерлігіне арналған «Қазіргі заман қаһарманы» акциясы дәл осы күнге, яғни, 12 қарашаға орайластырып өткізіледі. Биыл түрлі жағдайда азаматтарды құтқарып қалған антына адал Ұлттық Ұлан мен полиция қызметкерлері Қарағанды облысында жиналды. Акцияның мақсаты – ел үшін туған ерлердің патриоттық рухын жас ұрпаққа үлгі ету, ерлігі мен батырлығын насихаттау, сондай-ақ, ішкі істер органдарының беделін көтеру. Шараға Ғазиз Байтасовтың ұлы – Әділжан Ғазизұлы да қатысты.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Мамандық емес, жүректен шығатын миссия»

Өзгені өлімнен алып қалу үшін «жанын шүберекке түйіп», көзсіз ерлікке барған полиция және Ұлттық Ұланның он бес қызметкері екі күн бойы Қарағанды облысында болды. Акцияға қатысушылар алдымен қайтыс болған полиция қызметкерлеріне арналған мемориалға гүл шоқтарын қойды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Бәрімбек Бейсенов атындағы академиясында өткен дөңгелек үстелге қатысты. Мазмұнды пікірталастан кейін қатысушылар Долинка кентіндегі ҚарЛАГ мұражайына барып, халқымыздың батылдығы мен табандылығын еске түсіретін тарих беттеріне үңілді. Қазіргі заман қаһармандары батылдық сабағында оқушылармен кездескенін де айту керек. Акция Кеншілер мәдениет сарайындағы салтанатты іс-шарамен жалғасты.

Өзін өлімге қиса да, өзгенің өмірін сақтап қалуды басты қағида еткен қаһармандар өздерін батыр деп санамайды. Мәселен, Қызылорда облысының мемлекеттік мамандандырылған күзет қызметі басқармасының және полиция департаментінің полицейлері – полиция старшинасы Әділхан Жұмабеков пен полиция кіші сержанты Алтынбек Ұзақбай қаңтардың қақаған аязына қарамастан, екі баланы құтқару үшін Сырдарияның мұзды суына секірді. Дәл осылай Павлодар облыстық полиция департаментінің аға учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Елдос Қойкен де, Жетісу облыстық полиция департаментінің қызмет инспекторы полиция лейтенанты Санат Серікқалиұлы да суға кеткен адамды ажалдан арашалап қалған болатын.

Ал, Астана қаласы полиция департаментінің қызмет инспекторлары – полиция капитаны Дулат Ыдырысов пен полиция аға лейтенанты Мұхаметқали Қалдыбеков пәтерге терезе арқылы кіріп, ауыр науқасқа көмек көрсеткен. Атырау облыстық полиция департаментінің учаскелік инспекторы, полиция аға лейтенанты Дамир Қорғанбаев болса, отқа оранған үйдің тұрғындарын эвакуациялады. Қостанай облыстық полиция департаментінің учаскелік полиция инспекторы, майор Дархан Тұрғанов қарлы боранға қармастан, жаяу жүріп, адасқан адамды тауып, көмек көрсете алды.

Солтүстік Қазақстан облыстық полиция департаментінің аға қызмет инспекторы, полиция капитаны Бахтияр Дощанов пен Ақтөбе облыстық полиция департаментінің учаскелік инспекторы, полиция майоры Райымбек Оңғарбаев көпқабатты үйдің балконынан секіріп, суицид жасауға оқталған әйелдерді аман алып қалған.

Ал, балалар мінген автобус пен жүк көлігінің соқтығысуын болдырмау мақсатында өзін құрбан ете отырып, соққыны өз көлігіне алған Ақмола облыстық полиция департаментінің қызмет инспекторы полиция аға лейтенанты Бүркіт Алшынбаевтың жанқиярлығын аман қалған балалар әлі күнге жыр қылып айтады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ұлттық Ұлан подполковнигі Денис Шемет болса, граната жарылған кезде сарбазды денесімен жауып, өмірін сақтаса, сержант Ислам-али Жапар қарулы бұзақымен жалғыз арпалысып, жәбірленушіні аман алып қалды.

Ал, Қарағанды облысы полиция департаментінің инспекторы, полиция аға лейтенанты Ернар Сайлауов мереке кезінде мыңдаған адамдар арасында есінен танып қалған қызды байқап, оған алғашқы медициналық көмек көрсетіп, дәрігерге жеткізді. Оның бұл ерлігі әлеуметтік желі арқылы тарап, халықтың алғысын алған болатын.

Көзсіз ерлікке – лайықты құрмет

Бұған дейін қаһармандар ерліктері үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың және Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің қолынан марапаттар алған.

Кеншілер мәдениет сарайында батырларды облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құттықтап, Алғыс хаттар табыстады.

– Бүгін біз батылдық, ар-намыс және адалдықтарымен мемлекеттің күш-қуаты мен әділдігіне деген сенімді нығайтып жүрген азаматтарға құрмет көрсету үшін осында жиналдық. Сіздер – батырсыздар, нағыз қорғаушысыздар! Қоғам қауіпсіздігі мен тұрғындардың тыныштығын сіздер орнатып жүрсіздер. Сіздердің бейнелеріңіз еліне, жеріне шынайы берілген заманауи полицияның қандай болуы керек екендігінің жарқын үлгісі. Полиция қызметі құқықтық тәртіпті қорғау ғана емес, ол, ең алдымен өз ісіне деген сүйіспеншілік пен шыдамдылық, кез келген жағдайда өмірін қатерге тігу.

Дәл осылай өмірін қиған полиция капитаны Ғазиз Байтасовтың ерлігі мәңгі жадымызда. Оның ерлігін кейінгі толқын жалғастыруда. Олар – біздің мақтанышымыз! – деді Ермағанбет Қабдулаұлы құттықтау сөзінде.

Ал, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ақпараттық саясат департаментінің бастығы Шыңғыс Әлекешев тәртіп сақшыларының кәсібі жылдамдық пен табандылықты ғана емес, жанқиярлықты да талап ететін қызмет екенін атап өтті.

– Полициядағы қызмет – ерекше мемлекеттік қызмет түрі. Күнделікті 10 мыңнан астам полицей нарядтарға түсіп, азаматтардың тыныштығын қамтамасыз ету үшін тәулік бойы қызмет етеді. Олардың мойнына қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Заң мен тәртіптің сақталуы жүктелген. Осы міндеттерді орындау барысында олар түрлі қылмыстар, зорлау, тонау, жол оқиғалары сияқты түрлі қауіпті жағдайлармен жиі кездеседі. Дәл сол үшін, полиция қызметі – тек мамандық емес, жүректен шығатын миссия деп аталады. Мұндай қызмет стрестік жағдайда шапшаңдылық пен тез шешім қабылдауды қажет етеді. Өйткені, таразы басында – адам өмірі. Осындай жағдайларда қызметкерлер жанын аямай, өмірін қатерге тігіп, тіпті, көз жұмып жатады. Біз бұл батырларымызды ешқашан да ұмытпаймыз! Бүгінгі шара Халық қаһарманы, капитан Ғазиз Байтасовтың ерлігін еске алумен байланысты болуы да осыдан. Оның ерлігі батырлық пен антқа адалдықтың символына айналды, – деді Шыңғыс Әлекешев.

Жалпы, тәуелсіздік жылдары халықтың қамы үшін саналы түрде өмірін қатерге тіккен 819 тәртіп сақшысы көз жұмған. Ал, оның 92-сі қатыгез қылмыскерлердің қолынан қаза тапқан. 5 мыңға жуығы жарақат алған. Бірақ, өкінішке қарай, ерліктері бағаланбай, көлеңкеде қалып қойған батырлардың бар екенін де жоққа шығармайды Шыңғыс Әлекешев.

– Бұл бағытта министрдің тапсырмасы бойынша біз архивтерден тарихи құжаттар мен қылмыстық істерді қайта көтеріп, зерделеп жатырмыз. Ерліктері бағаланбай, көлеңкеде қалып қойған әрбір батырдың есімі ұлықталады, – дейді Шыңғыс Әлекешев. Соның бірі – жуырда кинотеатрлардан көрсетіле бастайтын «Капитан Байтасов» атты көркем фильм.

Шыңғыс Әлекешев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің батырларды марапаттау туралы бұйрығын оқыды және 15 қаһарманның әрқайсысына марапаттар мен естелік кәдесыйлар табыстады.

«Есімі ел жүрегінде сақталған ер – бақытты»

Қаһармандарды Қарағанды облысының полиция департаменті бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Жасқайрат Каиров та құттықтады.

– Отанға қызмет етіп, қиын-қыстау кезеңде халықтың жанынан табылатын тәртіп сақшыларының ерлігін ұлықтау, батырлықтарын өскелең ұрпаққа жеткізу – акцияның басты міндеттерінің бірі. Біз қызметтік міндеттерін орындауда ерекше көзге түсіп, батырлық танытқан, етігімен су кешіп, алапат өрттен, судан, тосыннан келген төтенше жағдайлардан азаматтарды құтқарған полиция қызметкерлеріне құрмет көрсетеміз. «Есімі ел жүрегінде сақталған ер – бақытты», – деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, бүгінгі қаһармандарымыздың есімдерін елге танытып, ерлігін жастарға үлгі етсек, бүгінгі шараның мақсатының орындалғаны, – деген Жасқайрат Иманбекұлы жиналғандарға еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан еңбектеріне толағай табыс тіледі.

Шараға арнайы келген Халық қаһарманы Ғазиз Байтасовтың ұлы – Әділжан Ғазизұлы да қазіргі заман батырларына лебізін білдірді.

– Әкемнің ерлігін дәріптеп, құрмет көрсетіп келе жатқан Ішкі істер министрлігіне, бүгінгі шараны ұйымдастыруға ұйытқы болған Қарағанды облысы әкімдігіне алғысымды білдіремін. Қылмысқа қарсы күресте тәуекелге бел байлап, үнемі алдыңғы қатарда жүретін полиция қызметкерлері күн мен түнге қарамай, аянбай қызмет етеді. Мен де болашақта сіздердің қатарларыңызға қосылып, Ішкі істер органдарында мінсіз қызмет атқарғым келеді. Елімізде халқына қызмет көрсететін полиция қызметкерлерінің саны көп екені қуантады. Ел игілігі жолындағы жауапты міндетті абыроймен атқарып, жоғары жетістікке жете берулеріңізді тілеймін. Әрқашан отбасыларыңызға аман-есен оралыңыздар! – деді Әділжан Ғазизұлы.

Шара мерекелік концертке ұласты.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

● 15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА ЖӘНЕ ҚАРЖЫГЕРЛЕР КҮНІ

Ғасыр жасаған қаржыгер

Өтелбай Орымбаев. ҰОС ардагері. Қаржы саласының қажырлы қайраткері. Әуелгі сөз тіл-көзден сақтасын дейік, ғасыр белесіне үлкен беделмен, тағылымды тағдырмен жетіп отыр. Күні кеше 100-ге толған ғибратты тұлғаның өткен ғұмыры, өнегелі тұғыры көпшілікке үлгі екені рас.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өтелбай Орымбайұлы тұп-тура ғасыр бұрын дүние дидарын ол кездегі Целиноград облысы, Алексеевка ауданы, Рамадан ауылында ашқан. Әкесі Орымбай еңбектің қазанында қайнап өскен қазақ еді. Шопан болып қой бақты, қолына қалақ алып, құрылыс саласында да еңбегін сіңірді. Осының бәрін көріп өскен ұлы әкесінің жанында жүріп еңбекпен көзін ерте ашқан. Бірақ, ұлының зейінді, талапты екенін байқаған әкесі жоғары оқуға түсіреді. Әке үмітін ақтауды серт еткен ұлы да білімін жетілдіріп, экономика және саясат саласы бойынша зейінін тереңдетеді.

Кейін әскер қатарына шақырылады. Жігіттік шағы отты жылдарға тап болады. Өтелбай Орымбайұлы 1942 жылы 5 тамызда Ақмола облысы Сталин ауданының аудандық әскери комиссариатына өтініш жазып, өз еркімен майдан даласына аттанады.

Ясско-Кишинев операциясына, Курск және Сталинград шайқасына қатысып, Украина, Венгрия, Румыния және Аустрияны фашистік басқыншылардан босатады. Воронеж, Степной, II Украина фронтында ұрыс қимылдарына қатысады. Майданда үкіметтік жоғары желілік байланыс бөлімшесінің командирі болып, маңызды қызмет атқарады.

«1947 жылы қазан айында мүгедектігі бойынша әскери қызметтен босатылдым. Денсаулығыма байланысты. Әйтпесе, әскери сала жаныма жақын еді. Кейінірек те елге біліммен еңбек еткім келді. Оқығанымның пайдасын ел дамуына сіңіремін деп шештім. Ал, сұрапыл соғыс жылдарын еске алудың өзі ауыр, әрине. Қазір майдан даласында кеудесін оққа тосқан санаулы ғана соғыс ардагері қалды. Қып-қызыл қан майданда жүрдік. Менің атқарған қызметім ең маңызды болды деп ойлаймын. Байланыс саласына жауапты болдым. Басшылыққа әр операциядан дер кезінде хабар таратып отырдым. Бұдан мүдірмеу керек. Бір ақпаратты қате айтсаң, ол үлкен қауіп болатын. Қазір оның бәрі өтті. Кеудеміз орденмен жарқырады. Ол кезде бұлай құрметке бөленеміз деп ойламаппыз. Бар ойымыз – Жеңістің туы еді», – дейді I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, Жеңіс күніне арналған мерекелік медальдармен марапатталған соғыс ардагері.

Майдан даласынан елге аман-есен оралған ол еңбек жолын 1948 жылы ақпан айында Ақмола қаласындағы байланыс ЛТУ құю бақылаушысы болып бастайды. Осы аралықта бір жыл бойы қосымша бухгалтерлік курсын оқып алады. 1949 жылдан 1952 жылға дейін Целиноград облысы Шортанды ауданының МҚК органдарында Алексеевка қаласында аудандық кеңестің атқарушы комитетінің нұсқаушысы болып жұмыс істейді. 1964 жылдың маусым айында Қарағанды қаласына облыстық жинақ кассасы басқармасының аға тексерушісі болып ауысады. Осы уақытта оның оқыған курсы кәдеге жарайды. Өзіне жүктелген міндет, тапсырылған жұмысты тапжылмай төрт жыл абыроймен атқарады. Кассадағы шаруаны, бухгалтерлік есептің қыр-сырын әбден меңгеріп алған білікті маман 1968 жылдың маусым айында қайтадан Целиноград жинақ кассасы басқармасына ауысады. 1969 жылы Қарағандыға қоныс аударады. Себебі сол жылдың қаңтарынан бастап, облыстық атқару комитетінің аға референті деген жауапты лауазымға тағайындалады. Іскер азамат сөйтіп жүріп Кеңес ауданының АОСК меңгерушісі болады. Кейіннен жауапкершілігімен, жаңашылдығымен көзге түскен Өтелбай Орымбайұлын облыстық жинақ кассасы басқармасының тексеру бөлімінің бастығы қызметіне қояды.

Содан кейін 1975 жылдан 1991 жылға дейін Саран қаласында банк саласында қажырлы қызметтер атқарады. Зейнет жасына дейінгі он жылында ол қалалық банк бөлімшесінің басшысы болып, қала экономикасының, қаржы нарығының оң дамуына еселі еңбегін, елеулі үлесін қосады.

«Мамандықтың жаманы жоқ. Бастысы – оны игере біліп, ел игілігіне пайдалануға жол ашу керек. Көпшілік үшін қиын мамандық саналатын қаржыгердің ең негізгі міндетінің бірі – мемлекеттің ақшасын дер кезінде жинап, тиімді пайдаланып, ел экономикасының дамуына жұмыс істеу. Қаржы саласының қаншалықты маңызды екенін осыдан-ақ түсінуге болады деп ойлаймын. Қаржылық нарық бір орында тұрмайды. Құлдырайтын да кез болады. Қайта өрлейтін де сәт болады. Біздің дәуіріміздегі банк жүйесі өзінше күрделі. Қазір, тіпті, басқаша. Қаржы саласының ардагері ретінде әріптес ізбасарларыма айтарым, есеп-қисапқа барынша мұқият қарасаңыздар, сонда экономикаға ең үлкен тірек болар едіңіздер. Қазіргі қаржы саласының жүйесі сан салалы. Бастысы адал қызмет абыройлы ғұмыр кешуге жетелейді», – дейді қаржы саласының қадірлі қайраткері.

Жастайынан қаржы саласының қыр-сырына әбден қанық болған білікті маман кез келген мәселені төтесінен қойып, түбегейлі шешілуіне күш салған тұлға екенін байырғы әріптестері жиі айтатын көрінеді.

Абыройы биік Өтелбай ақсақалдың алты баласынан 16 немере, 6 шөбере тарады. Алыптан өнеге көріп өскен ұрпағы үлкендерін алақанына салып, қас-қабағын бағып отыр.

Өтелбай ақсақалдың қара домбырасы жанына әлі күнге дейін серік. Халық әндерін шырқайтын көрінеді. Күйлерді де шебер шертеді. Ардагеріміздің тағы бір таланты – портреттік сурет салатын қылқалам шебері. Онымен қоса, ағаштан ойып, түрлі мүсін әзірлейтін кездерін әлі күнге дейін өзі де сағынады. Әттеңі сол, қолының күші кеміді. Әйтпесе жан сарайы сайрап тұр. Бойына өнер тұнған мұндай тұлғаның өнегелі ғұмыры әлі де жалғаса берсін деген жалқы тілегіміз бар.

Сурет отбасынан алынды

Төрге оздырған төл теңге

Коллажды жасаған А.Ракымжан

(Соңы. Басы 1-бетте)

Теңгенің дизайнын жасау жөніндегі шығармашылық топқа Тимур Сүлейменов, Меңдібай Әлин, Досбол Қасымов, Ағымсалы Дүзелханов және Хайрулла Ғабжалилов кірді. Мәселен, ағылшын фунтының дизайны алты жыл қатарынан жасалса, теңге небары жарты жылда дайын болды.

Өз фабрикасының болмауына байланысты алғашқы купюралары 400 жылдық тарихы бар Ұлыбританияның «Harrison & Sons Ltd» компаниясында басылды. Бүкіл мемлекеттің валютасындағы жұмысы үшін қазақстандық теңге дәл осы компанияға «II Елизавета» сыйлығын алып берді. Бұл да теңгенің үлкен жетістігінің бірі.

Көп ұзамай теңге өз елімізде басыла бастады. Яғни, 1995 жылы 19 мамырда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Банкнот фабрикасының ресми ашылуын өткізді. Сол жылы 83 миллионнан астам банкнот шығарылды, ал бір жылдан кейін 104 миллионнан астам банкнот фабрикасының өнімділігі жобалық қуаттылыққа жақындады.

Теңге купюралары әр кезде толығып отырды. Атап айтқанда, инфляция мен теңгенің құнсыздануына байланысты номиналы жоғары банкноттарды шығару қажеттілігі туындады. 2003 жылғы маусымда Ұлттық валюта сериясы 10 мың теңгелік купюрамен толықтырылды. Ал, 20 мың теңгелік ең үлкен купюра 2016 жылғы қарашада қолданысқа енгізілді.

Теңгенің құндылығы – оның бағамында емес, тарихында. Қазақстандық теңге дәл соған лайық. Себебі, қиын-қыстау кезеңде шұғыл дайындалып, басты бәйгеге тігіп, құпия түрде өзге елден ұшақпен тасылмалдануының өзі көп нәрсені аңғартады. Ал, тоқсаныншы жылдардың тоқырауына төтеп беріп, тәуекелмен Ұлттық валюта – теңгені шығаруды қолға алу ерлікпен пара пар.

Одан бөлек, Қазақстанның Ұлттық валютасының банкноттары ең жоғары халықаралық наградаларға ие болғанын жоғарыда айттық. Мәселен, үш жыл қатарынан, 2011 жылдан 2013 жылға дейін қорғаныс элементтері саласындағы бірегей дизайны мен эксклюзивті шешімдері үшін International Bank Note Society нұсқасы бойынша әлемде үздік деп танылды. Бұл 1961 жылдан бері есеп жүргізіп келе жатқан осы ұйымның тарихында алғаш рет болды. Сондай-ақ, әлемдегі ең үздік, қорғалған және әдемі банкноттардың бірі ретінде 6 марапатқа ие. 2007 жылы Бангкокта Optiks элементі бар 10 000 теңге номиналы үшін «Үздік жаңа банкнот» номинациясы бойынша бірінші орын берілді. Ал, 2008 жылы Ұлттық валютаның 15 жылдығына арналған 5000 теңге банкнотындағы қорғаныс элементі үздік деп танылды.

Қазір теңге номиналдарына көзіміз үйренген. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» дейді қазақ. Солай да болар. Бірақ, Ресейдің жүргізген ақша реформасының салдарынан рубль құнсызданып, халық абдырап қалған кезде, теңгенің пайда болуы Тәуелсіз елдің халқы ретінде алдағы күнге деген үлкен сенімділік бергені рас. Теңгенің алғашқы номиналдарын қолына алғанда еңкейген кәрісінен еңбектеген баласына дейін бөркін аспанға ата қуанып, тарихи сәттің алғашқы куәгерлері болғаны үшін көкіректе әлі күнге дейін қуаныш бар.

Теңгенің әр номиналын қолға ұстаған сол кездегі сәтке қайта оралғандай ерекше сезімде болуымыздың сыры да осында...

● ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Жұмыс табу мүмкіндігі

Электрондық еңбек биржасында бүгінгі таңда 123,7 мың бос жұмыс орны жайлы хабарлама және жұмыс іздеген 106 мың адамның түйіндемесі тұр. Еңбек биржасында тұрақты жүргізілетін талдаулар дерегіне сүйенсек, білікті кадр іздеген өңірлер арасында Қарағанды облысы бірінші орында. Порталдағы бос жұмыс орны туралы барлық хабарламалардың 9,5 мыңы біздің аймақтан. Бұл – жалпы санының 8%-ы.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Сурет ашық дереккөзден

Алматы қаласында 9,3 мың маманға сұраныс бар. Батыс Қазақстан облысында – 9,2 мың немесе 7,5%, Астана қаласында 8,1 мың бос жұмыс орны бар. Сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігі кейбір өңірлер үшін өзекті мәселе. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысында 5,5 мың бос орынға 2,5 мың түйіндеме, Солтүстік Қазақстан облысында 4,1 мың бос орынға 2 мың түйіндеме, ал, Павлодар облысында 6,5 мың бос орынға 3,4 мың түйіндеме тіркелді. Шымкент қаласында, Қызылорда және Түркістан облыстарында бос орындар санынан түйіндеменің артық болу жағдайлары байқалады. Жалпы, еңбек биржасындағы сұраныс пен ұсыныс үнемі біркелкі бола бермейді. Кей кездері хабарлама орналастыру белсенділігі төмендейді, я жоғарылайды. Мәселен, қыркүйекпен салыстырғанда қазанда бос жұмыс орындары туралы хабарлама беру азайды. Бұл білім беру орындарында кадрларды даярлаудың аяқталуына байланысты болуы мүмкін. Алайда, қыркүйек, қазанда жылыту маусымына көшу жылу және қазандық жабдықтарына қызмет көрсету мен оларды пайдалануға қатысты қызметкерлерге сұраныстың артуына себеп болды. Деректерге сүйенсек, өткен айда қазандық операторлары (+5,9 мың), қазандық машинистері (+1,1 мың) және қазандықтар жұмыскері (+969) үшін бос орындар саны артты. Мұндай мамандарға жоғары сұраныс Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Жамбыл облыстарында байқалды.

Сұраныстың айтарлықтай өсуі мал өсірушілер мен жануарларды күту жұмыскерлері сияқты мамандықтарда да байқалады. Бұл әсіресе, мал шаруашылығындағы қысқы кезеңге дайындық уақытында маңызды.

Еңбек биржасында қазан айындағы жоғары жалақы бас құрылысшыларға (орта есеппен 679 мың теңге), бас техникалық мамандарға (шамамен 565 мың теңге) және ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инженерлерге (шамамен 554 мың теңге) ұсынылды. Бұл ретте инвестициялық жобалар жөніндегі директор (орта есеппен 2 млн теңгеден бастап), өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесі бөлімінің бастығы (шамамен 1,8 млн теңге) және комбайнер (1,2 млн теңге) лауазымына үміткерлер ең жоғары жалақыны сұрады.

● БІЛІКТІЛІК

Капсулалы эндоскопия қолданыста

Қарағандылық мамандар эндоскопиялық зерттеудің озық әдісі – капсулалы эндоскопияны игеруде. Тұңғыш рет ұйымдастырылған оқу Қарағандының көпсалалы облыстық балалар ауруханасында өтті. Дәрігерлер астаналық штаттан тыс балалар хирургы Ринат Байғыреев пен хирург, бейнекапсулалар өндіруші компанияның өкілі Виктор Исаковтан практикалық білім алды.



Капсулалы эндоскопия – асқазан-ішек жолдарын зерттеудің заманауи және қауіпсіз әдісі. Бұл әдіс 2001 жылы пайда болды. Дәрігерлердің айтуынша, бұл инвазивтілігі төмен әрі ыңғайлы диагностикалық тәсіл, әсіресе, балаларға өте ыңғайлы.

«Егер кәдімгі гастроскопия немесе колоноскопия тек асқазан-ішек жолдарының белгілі бір бөліктерін қарауға мүмкіндік берсе (гастроскопия – өңеш, асқазан және он екі елі ішек, колоноскопия – тоқ ішек), капсулалы эндоскопия бүкіл асқазан-ішек жолдарын зерттеуге көмектеседі. Науқасқа арнайы белдік тағылып, ол шамамен бір сантиметрден сәл үлкен капсуланы жұтады. Капсула жоғары рұқсаттама камерасымен (4K) және жарықдиодты шамдармен жабдықталған. Олар жарықты қамтамасыз етеді. Қозғалыс жылдамдығына байланысты капсула секундына 2-ден 18-ге дейін сурет түсіреді», – дейді дәрігерлер.

Зерттеу процесі бейнетіркеумен бірге жүреді. Капсула шамамен 80 мың сурет түсіреді. Нәтижесінде науқастың ішкі жағдайы туралы тұтас көрініс шығады. Егер зерттеу барысында ауытқулар анықталса, олар да хаттамаға тіркеледі.

Әдетте, мұндай зерттеу шамамен 8 сағатқа созылады.

Өз тілшімізден

Сурет ашық дереккөзден

IT-алқап: Қарағанды көш бастап тұр

Қазақстан цифрлық инфрақұрылымды дамытуда және инновациялық экожүйені құруда белгілі табысқа қол жеткізді. 5G желілерін дамыту, Astana Hub бастамасын іске қосу және халықаралық инвестиция тарту – IT сектордың жедел дамуына әсер етті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында инновациялық инфрақұрылымды дамытуды еліміздің экономикалық тұрақтылығы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің аса маңызды кепілі екенін атап өтті.

Президент Қазақстан үшін 2026 жылға қарай $1 млрд-қа дейінгі сомадағы IT қызметтер экспортымен әлемдік деңгейдегі IT көшбасшысына айналдыру жөніндегі өршіл мақсатты белгіледі. Бүгінгі таңда Astana Hub – Орталық Азиядағы көшбасшылыққа үміткер ең маңызды цифрлық орталық. Оның IT қызметтері мен өнімдерінің жылдық экспорты $500 млн-ға жетеді. Astana Hub негізге алып ашылған қарағандылық «Террикон алқабы» бүгінде жас кәсіпкерлердің стартап-жобаларын белсенді ұйымдастыруда. Өңірлік хабтың жұмысымен жақынырақ таныстыруды жөн көрдік...

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жастар қалаға жаңа леп беруде

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында «Бизнес-инкубатор, коммерцияландыру орталығы, технопарк, құрастыру бюросы сияқты инновациялық инфрақұрылымдар құруға қатысты жеке бастамаларға сөз жүзінде емес, нақты іспен қолдау көрсететін пәрменді шаралар керек. Шетелдің озық тәжірибесін пайдаланған жөн» деп атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанды IT- елге айналдыруды және елдің Еуразиядағы тораптық транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтуды жүктеді. Бұл орайда жасанды интеллект технологияларын қолдану маңызды. Білікті мамандарды даярлауға баса назар аударуды тапсырды, – деп бастады әңгімесін «Террикон алқабы» IT-хаб директоры Сабыр Ниязов.

Аймақ IT хабының бастамашысының айтуынша, кеншілер шаһарына білікті 10 000 IT маман тарту – алдағы жылдардың еншісіндегі жоспар.

– Біз үшін әлемде Қарағандыға тең келер қала жоқ. Талантты, белсенді, іскер адамдардың бір қалада «Террикон алқабына» бас қосуы бұл күшті «кейс» болды. Цифрлық технологияға жақын жандар үшін жағымды кеңістік әрі тартымды нүкте жасау – зор маңызға ие. Біздің қалада Лондон, Нью-Йорк және Мәскеудегі коворкингтер мен акселераторлардан кем емес орта бар. Кейде «Террикон алқабына» алғаш келгендер «Мен Қарағандыда емес секілдімін» дейді. Осының өзі бізге үлкен күш береді. Қазіргі таңда үйлер, ғимараттарға қабырға суреттерін салып, Урбанизм орталығын дамытудамыз. Қаланы шаңнан тазартып, заманауи эстетика сыйлаймыз. Жастар осылайша қалаға жаңа леп беруде, – дейді «Террикон алқабы» IT-хаб директоры Сабыр Ниязов.

Хаб директоры сөзінің жаны бар. Қазақстан бойынша алғаш ашылған қарағандылық IT-hub – «Террикон алқабы» бүгінде елімізге танымал екені сөзсіз. Олай дейтініміз, отандық 16 үздік IT мектеп және 14 өңірлік хаб арасында «Террикон алқабы» жастарының әртүрлі салаларда әзірлеген өнімдері әлем назарын аудартып отыр. Мәселен, «Террикон алқабы» түлектерінің АҚШ-қа оқуға шақырылғаны Қарағандының абыройын асқақтатты.

– Қазіргі уақытта Қарағандыда цифрлы технологиямен айналысатын 6000-нан астам маман бар. Біздің мақсат – 2025 жылға дейін 10 мың IT маман даярлау. Өңірлік хаб кеңсесінің өзіне тек қарағандылық жастардың ерекше жобасын қоямыз. Олардың басым көпшілігі қаланы дамытып, өркениетін көтергісі келеді,– дейді Сабыр Ниязов.

Бүгінде қарағандылық «Террикон алқабында» бірнеше IT және Digital мамандар бар. Ал, аймақта 3 мыңға жуық IT-компаниялардың қызметкерлері жиналған. Бағдарламашылардың болжамынан түйгеніміз, жақын арада Қарағанды бағдарламашылары үшін үлкен серпіліс қолданыстағы EPAM компаниясының кеңеюімен байланысты болуы мүмкін. Бұл жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік бермек. Бұл модель сондай-ақ, ірі аутсорсингтік «IT-фабрикаларды» дамытуға бастайды.

«Біртұтас инновациялық экожүйе құру – маңызды»

«Террикон алқабын» аралап жүріп Мемлекет басшысының «Аймақтарға барғанда дарынды әрі ойы ұшқыр, яғни креативті азаматтармен үнемі кездесемін. Біз олардың өз әлеуетін толық ашуына жағдай жасауымыз керек. Аймақтағы жоғары оқу орындарының негізінде біртұтас инновациялық экожүйе құру қажет» дегені ойымызға келді.

Өңірлік хаб жастарымен пікірлескенімізде, біздің өңірдегі дарынды әрі ойы ұшқыр азаматтардың бірі – Әділ Хамит екеніне көз жеткіздік. Өткен жылы облыс әкімінің жастарды қолдауға бағытталған грантын ұтып алған Әділ қазіргі таңда Astana Hub халықаралық технопаркінің резиденті. Нео компаниясында жұмыс істейтін ол Қарағандының «Террикон алқабында» тәжірибеден өткен. Әділдің білім саласына қатысты виртуалды «Жасанды интеллект» жобасы қазақша сөйлейді. Сондай-ақ, «Жасанды интеллектімен» сөйлесуге мүмкіндік бар. Қазіргі таңда студенттерге қазақ тілін үйреткісі келетін қазақстандық ЖОО-лар жобаға қызығушылық танытып отыр.

– Кез келген сала өзгерісті, дамуды қажет етеді. Қарағандыда әлі де болса, IT саласын дамыту қажет. Осы мамандықта білім алып жүрген ЖОО студенттеріне қарап, IT маман болу үшін – белгіліні ғана игеру жеткіліксіз деген ойға келдім. Базалық білім бойынша ағылшын тілі мен математикалық есептеулерді білуі керек. Кейін идея келеді. Базалық білім болмаса, бұл саланы меңгеру қиын. Ол «Мен телефонды интернетке қостым, IT саласын білемін» дегендер құрғақ сөз, – дейді ол.

Әділдің айтуынша, қазіргі таңда Қарағандыда IT саласын тегін оқытатын қазақша оқу бағдарламасын жасау керек. Kundelik.kz, Onay секілді өзге елдің жобаларын өзгерткенше, жастар жаңа жоба ойлап табуы тиіс.

– Әкім грантына өтініш бергенде жастарда сауда орнын ашу, балабақшаға қатысты жобалар болды. Менің IT жобам көпшіліктің назарын аударды. Себебі, бұрын-соңғы жасанды интеллект немесе бағдарламаларға қатысты жобалар кездеспеген. Сондықтан, грант беру сайыстарында IT-ге арналған жеке бағыттар болса, қатысушылар саны артып, ерте ме, кеш пе ол өзінің жемісін берер еді, – дейді Әділ.

«Террикондықтар» жасанды интеллекттен қорқудың қажеті жоқ деп санайды. Әділдің замандастары «Жасанды интеллектіден үнемі алда жүруіміз керек. Егер кешіксек, оның артында қалып кетуіміз мүмкін» дейді. Жастардың сөзіне сүйенсек, кез келген елдің стратегиялық жоспары – ғылымды, соның ішінде, жасанды интеллектіні дамытуға бағытталуы тиіс.

«Жасанды интеллектіден үнемі алда жүруіміз керек»

Жасанды интеллект жөнінде Орталық Азиядағы ең ірі IT форум Digital Bridge 2023-те айтылған. Экономиканы, өнеркәсіпті, ғылым мен техниканы дамытуда зор әлеуетке ие болғанымен, оның бәрібір «жасанды» екені анық. Алайда, қысқа мерзім ішінде жасанды интеллектіні дамыту үшін елімізде барлық жағдай жасалмақ. Мемлекет басшысы «Үкімет жасанды интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс. Әлемде алдағы бірнеше жылда осы салаға бір триллион доллардан астам инвестиция салынады деген болжам бар» деген болатын.

2022 жылы еліміздегі цифрландыру саласы 12 пайызға өссе, IT өнімдері мен қызметтер экспорты 5 есе ұлғайып, 333 миллион долларды құрады. 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 500 миллион долларға дейін жеткізу – цифрлық технологияны ілгері дамытуға мұрындық.

Адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмысты автоматтандырып, ауқымды экономикалық құндылық қалыптастырмақ. Сарапшылар жасанды интеллектінің жаһандық экономикаға қосатын елеулі үлесі – дүниежүзілік ЖІӨ-нің төрттен бір бөлігіне пара-пар екенін де зерттеді. Медицина, энергетика, био және гендік инженерияға елеулі өзгерістер әкелген жасанды интеллект – ой, сана, қарым-қабілет, білім алу, үйрену арқылы адам мүмкіндіктерінің барлығын істейтінін көрсетті. Бірнеше жыл бұрын Amazon.com компаниясының жүк тасымалдайтын мыңдаған қызметкері жұмыстан босатылып, оларды робот алмастырғанын білеміз. Бүкіл салаға еніп, өмірді жеңілдеткенімен, елде жұмыссыз адамның көбею қаупі бар екені анық.

Алайда, республикалық «Жасанды зерде» ғылыми-зерттеу институтының директоры Алтынбек Шәріпбаев «тіпті, жасанды интеллект жетілдірілген жағдайда да шығармашылық, инновация қабілеті және адамның құзыретіне жататын әлеуметтік дағдылар сұранысқа ие болады және өзгеріссіз қалады» дейді.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Оқу орындары ашық диалогқа дайын емес

Аймақтағы террикондықтар жасанды интеллектіні дамытуға ешкім шек қоя алмайтынын айтады.

– Мәселен, қытайлар коронавируспен күрес кезінде смартфондарды мұқият қадағалап, миллион адамның бет-әлпетін танитын камералар арқылы инфекцияны тез анықтай алды. Елімізде адамға чип салу мәселесі қозғалуда. Біз оны тиімді деп санаймыз. Чип арқылы инфекция жұқтырып алған адамды дереу анықтап, басқаларды қорғаймыз. Жасанды интеллектінің жетістігінің бірі – осы, – дейді IT-hub «Террикон алқабы» директоры Сабыр Ниязов.

Digital Bridge 2023-те Astana Hub Battle-ға қарағандылықтардың бизнес-бағдарламаларынан 10 стартап жобаға қатысқанын атап өткен жөн. Жасанды интеллектіге бағытталған ұсыныстары қолдау тапқандықтан, «Террикон алқабы» ашылған уақыттан бері 350-ден астам іс-шара өткізген. Олар сондай-ақ, ағылшын тілдерінде бағдарламалауды үйренуге болатын IT мектепті іске қосыпты.

– Қарағанды IT-хабының түлектері Кремний алқабында білім алып келді. Он бес әлеуетті қазақстандық стартапшы АҚШ-қа оқуға барды. Олардың ішінде «Террикон алқабы» Қарағанды IT-хабының төрт түлегі бар. Стартаптар Кремний алқабындағы қарқынды акселерация бағдарламасынан өтті. Бұл оларға өз жобаларын халықаралық нарыққа шығаруға мүмкіндік берді, – дейді IT-hub «Террикон алқабы» директоры Сабыр Ниязов.

Дегенмен, бағдарламашылар IT-компаниялардың қазіргі таңдағы басты мәселесі – университеттегі білім беру мәселесі екенін айтады. Тәжірибелі мамандарды алаңға біріктіруге тырысқанмен, оқу орындары ашық диалогқа дайын емес көрінеді. Ескі бағдарламалау тәсілдерінен бөлек, нарыққа сәйкес келетініне көшкен жөн.

Хаб аясындағы «Террикон мектебі» әзірге пилоттық жоба ретінде іске қосылған. Бұл – 27-30 аптаға созылатын Python, PHP, Android қосымшаларын Kotlin бойынша әзірлеу курстарынан іс жүзінде 100-ге жуық білімді жасөспірім дайын болады деген сөз.

Бағдарламашылар «Террикон алқабын» Қарағандының визиттік картасына айналдырғанына бек қуанышты. «Террикон алқабындағылардың» айтуынша, жобалар нәтижесін көрсетіп, қалада айтарлықтай өзгерістер орын алуы үшін 10 жыл қажет. Дегенмен, жігерлі жігіттердің соңғы екі жылда кеншілер шаһарында көптеген маңызды өзгерістер жасағанын мойындаған жөн.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қысқы отынның жылдағы «жыры»



(Соңы. Басы 1-бетте).

– Алыпсатарлар 27-28 мыңнан сатып жатыр базаларынан. Жылдағы баға – осы. Қыс келген сайын айтар әніміз ғой бұл. Көбіне Қарағандыдан тасымалдайды. 250 шақырым қашықтық бар. Сол үшін бағаны екі есе қымбаттатып әкелу елді аямау деген сөз ғой. Жарайды, Ақтоғайдың басындағылар алады. Бірақ, шалғай ауылдан келіп әкететіндер техникаларына тағы шығындалады. Олардың да бағасы арзан емес. Осы бір тасымалдау мәселесін шешіп, бағаны реттесе деген ауылдағы елдің назы бар, – дейді Болат ақсақал.

Расымен, ауылдағы ағайынның қалтасын делдалдар қағып тұр. Шалғайда жатқан ел, шынымен, қысқы отынға қолын қалай жеткізсін?! Қыста қалтырамас үшін амалдың жоғынан алады.

– Күніне Қарағандыдан 40 тонна көмір әкетеміз. Жасыратыны жоқ, кейде 2-3 күн күтіп қаламыз. Көмір келмей қалатын кездер болады. Бастысы, көмірдің сапасына ел риза. 27 мыңнан сатып жатырмыз. Халық «қымбат» дейді. Бізді де түсіну керек деп ойлаймын. Бір «КамАЗ»-ға келіп-кетуі үшін дизель отынына 70-80 мың жұмсаймыз. Бұрын бір жүк көлігіне 35 тонна тиейтінбіз. Қазір 20 тонна апарамыз. Түнімен тұрамыз. Екі «КамАЗ» жүк көлігім бар. Қыс бойы, көктемге дейін тасимыз. Біздікі де еңбек, – дейді «Мұнайтпасов» көмір қоймасының басшысы Ерлан Нұртазин.

Жергілікті әкімдік бағаны әлі де қымбаттатпақшы болған тасымалдаушы кәсіпкерлерге барып, былтырғы бағада ұстап тұруға уағдаласқан көрінеді. Ал, алыстағы Айыртас, Қусақ ауылына Балқаштан көмір тиеген «КамАЗ»-дар барып, сол бағаға түсіріп беріпті. Шет ауданының теміржол стансасындағы елдімекендер қызуы қатты Шұбаркөл көмірін тоннасын 20-21 мың теңгеден алып жатыр.

– Біз жылда осы көмірді аламыз. 15-20 тонна түсіреміз. Қызуы тамаша. Кейінгі өндірілген көмір болғандықтан сапасына ризамыз. 2500-3000 теңгеге «Газ-53» көлігімен жеткізіп береді. Ірі көмір көп. Негізі жол бойында тұрған біздер үшін бағасы қымбаттау. Бағасын түсірсе, жақсы болар еді. Арқада алты ай қыс жатады. Ел үздіксіз пеш жағады. Халықты ойлау керек қой, – дейді С.Сейфуллин кентінің тұрғыны Гауһар Есенбекова.

«Шұбаркөлдің» рекорды

Қазір пеш жағатын жұрт «Шұбаркөлдің» көміріне әбден үйренген. Қызуы күшті, әрі сапалы. Халықтың дені алатын көмір – осы. Өткен қазан айында «Шұбаркөл көмір» АҚ кеншілері рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Олар қазан айының ауысымына 472 вагон көмір жөнелткен. Бұл жоғары нәтиже – ұжымның үйлесімді жұмысының жемісі.

«Шұбаркөл көмір» – еліміздің 30 пайызын көмірмен қамтамасыз етіп отырған өндіріс орны. Олардың мұндай межеге жетуінің тағы бір себебі техника паркін үнемі жаңартып отырғандығында. Мұнымен қоса, компанияны «ТрансКом» және «Қазақстан темір жолы» АҚ қолдап, вагондардың уақытылы берілуін қамтамасыз етеді.

Қазір компания қарқынды жұмыс істеп тұр. Көмірді өз көлігімен алып кету қосыны демалыссыз, тәулік бойы қызмет етеді. Көмірді алып кету орнында көмірдің бір тоннасының бағасы – 8 790 теңге.

– Көмірді алып кету орнында көмір қоры жеткілікті. Біз жауапты кәсіпорын ретінде тұтынушылар алдындағы міндетімізді орындау үшін қолдан келгеннің барлығын жасап жатырмыз, – дейді «Шұбаркөл көмір» кәсіпорнының бас инженері-операциялық директоры Саят Абжанов.

Өткен жылы кәсіпорын 13,8 млн тоннадан астам көмір өндірген. Биылғы меже – 14,4 млн тонна. Компания үнемі дамуға және жаңаруға ұмтылады. Инвестициялық бағдарлама аясында құрал-жабдықтар жыл сайын жаңартылып отырады. Соңғы 5 жылда 44 түрлі техника сатып алынды. Негізгі жұмыс жабдығы – экскаваторлар, оның ішінде жапондық Hitachi фирмасының өнімділігі жоғары гидравликалық үлгілері мен ресейлік ЭКГ экскаваторлары. Тау массасы мен көмірді жүк көтерімділігі 60-тан 220 тоннаға дейінгі Caterpillar және Hitachi автосамосвалдары тасымалдайды. Жолдарды дайындап, тиеу үшін бульдозерлер, грейдерлер және жүк тиегіштер қолданылады.

Қара отын қоры жеткілікті

Жылына 150 мың тонна көмір өндіретін «Рапид» шахтасында да жұмыс қызу. Бұл көмір жерасты әдісімен өндіріледі. Сәйкесінше, бағасы да жоғары. Атап айтсақ, бір тоннаның бағасы 24 мың теңгеден басталады. Соған қарамастан күніне 15 жүк көлігі тиеліп, жеткізіліп жатыр. Бұл, әсіресе, апталық пештер үшін тиімді көрінеді.

Аймақ тұрғындарын көмірмен қамтамасыз етуге арналған 740 мың тоннадан астам көмір қоры бар. Бүгінде облыста 55 сату нүктесіндегі сауда қызу. Оның 41-і теміржол тұйығында, ал, 14-і қоймадан сатылып жатыр. Сату нүктелерінде жұмыс штаттық тәртіппен ұйымдастырылған. Бұл іске жауапты мамандар көмір қорының жеткілікті екенін айтады.

– Қазір қорда 39 мың тонна көмір бар. Оның 17 мың тоннасы – Қарағанды қаласында. Өңірді көмірмен қамтамасыз етуде ешқандай мәселе туындап жатқан жоқ. Шұбаркөл көмірінің тоннасы орта есеппен 19 мың теңгеден. Мәселен, Пришахтинскідегі сату нүктесіндегі баға – 14 750 теңге. Айта кетейік, көмір бағасының өзгеруіне тасымалдау нүктелерінің қашықтығы да әсер етеді. Мысалға, Нұра, Ақтоғай аудандарына вагон-вагон көмір таситын теміржол тұйығы жоқ, – дейді өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Ақдидар Рымбек.

Түйін

Шалғай ауыл ғана емес, теміржол бойындағы станса тұрғындары да көмірді қымбатқа алып жатырмыз деп шыр-пыр. Халық «Шұбаркөлдің» бағасы шарықтап тұр деуде. «Шұбаркөл» болса, «біздің баға арзан» деп жауап қайырады. Сонда бар айып алыпсатарда ма?

Айналып келгенде, алты ай қысқа көмір аламыз деген ауылдағы ағайынның қалтасы қағылып, қымбатқа ұрынып жатыр. Делдалдар «қампайған қалта біздікі емес, тапқан табысымыз жол шығынымызға, жұмыскерлердің айлығына жұмсалады» дейді. Жыл сайынғы «жыр» қашанға дейін созылады?

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Оқушылар еңбегі ескерілді

Аймақтағы мектеп оқушыларын экологиялық жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы «Эко-қаһарман 2024» байқауы мәресіне жетті. Үздік командалар «Макулатураны жина – ағашты сақта», «Пластикті қайта өңдеу – планетаға ауа қажет» санаттарында, сондай-ақ, Instagram белсенділігі үшін арнайы аталымда айқындалды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба облыстағы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы және «ВторСырье Қарағанды» ЖШС қолдауымен өтті. Екі кезеңде өткен байқау балалар мен жасөспірімдерге экологиялық ойлау негіздерін үйретті. Сондай-ақ, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастырып, табиғатты қорғауда практикалық қызметке тартты.

Биыл қатысушылар екі санат бойынша бақ сынасты. Атап айтсақ, оқушылар «Макулатура жина – ағашты сақта!» аталымында макулатура жинап, тапсырды. Ал, «Пластикті қайта өңдеу – жерімізге ауа қажет!» бөлімінде пластик бөтелкелерді жинады.

– Жалпы байқауға 33 мектеп командасы қатысып, 3 573 келі макулатура мен 540 келі пластикалық бөтелке жинады. Қайта өңделген қалдықтардың едәуір мөлшері ластануды азайтуға көмектесті. Оған қоса қоқыстарды сұрыптау дағдыларын қалыптастыруға пайдасын тигізгенін атап өткен жөн. Бұл қазіргі экологиялық қиындықтар кезінде маңызды. Мектеп командалары әлеуметтік желілерде өз тәжірибелерімен белсенді түрде бөлісті. Мәселен Instagram-да байқаудың барысы туралы жалпы 501 хабарлама жарияланды. Мұндай жазбалар қатысушылардың өздерін, олардың жазылушыларын да шабыттандырып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға түрткі болды, – деп атап өтті жоба жетекшісі Әлия Ескендірова.

Байқауда екі аталым бойынша 1 орынды Қарағандыдағы №45 гимназия оқушылары жеңіп алды. Сондай-ақ, байқауға белсенді атсалысқан №30, №16, №5, №36 мектеп оқушылары марапатталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

● ФЕСТИВАЛЬ

Өнерде шекара жоқ

Аймақта мүгедектігі бар балалар мен ересектерге арналған «Таланттар таңы» облыстық фестивалі өтуде. Спорт және шығармашылық фестивалі мыңнан астам жанның басын қосты.

Облыстық фестиваль мүгедектігі бар адамдардың шығармашылық және спорттық әлеуетін арттырып, рухани дамыту, қоғаммен байланыс орнату мақсатында ұйымдастырылады. Бірнеше күнге созылған фестивальдің әр күні жоспарланған. Мәселен, кеше спорттық сайыс өтті, бүгін қатысушылар шығармашылық мүмкіндіктерін паш етті. Ертең бейнелеу және қолданбалы өнер туындылары көрермен назарына ұсынылады. Жалпы, фестивальде түзету мектеп интернаттарының, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының, қоғамдық бірлестіктердің ұжымдары өнер көрсетеді. Фестивальдің жабылуы 15 қарашада өтеді. Ұйымдастырушы – мүгедек балаларға және олардың отбасыларына көмек көрсететін «Үміт сәулесі» қоғамдық қайырымдылық қоры.

Өз тілшімізден
Сурет ұйымдастырушылардан

● ДЕНСАУЛЫҚ

Заманауи аппарат – ел игілігіне

Қарағанды облыстық клиникалық ауруханасының консультативтік-диагностикалық орталығында өкпе функцияларын жан-жақта зерттеп, тексеретін сараптамалық санатқа жататын аппарат – бодиплетизмограф орнатылды. Мұндай аппарат ел бойынша Қарағанды мен Астанадағы екі медициналық орталықта ғана бар.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Міндетті әлеуметтік сақтандыру аясында заманауи аппаратта тегін қаралуға болады. Бұл үшін емдеуші дәрігердің жолдамасы болуы керек.

Мамандардың айтуынша, процедура жеңіл. Адам ағзасына кері әсері жоқ.

– Аппарат компьютерлік томографиядан бұрын кеуде қуысының функционалдық бұзылуын анықтайды. Өкпенің функцияларын тереңірек зерттеуге арналған. Атап айтқанда, ол қанның оттегімен қанығуын тікелей анықтайды. Өкпеде өзгерістер болса, газдардың диффузиясы, газ алмасуын көрсетеді.Тексеруден облысымыздың кез келген тұрғыны өте алады. Пульмонологтар нақты диагнозы бар науқастарды жіберіп жатыр. Ол – өкпенің интерстициальды ауруы бар азаматтар, ауыр обструктивті өкпе ауруына шалдыққандар, сонымен қатар, бронхиалды астмамен, жүрек-қантамыр жүйесінің патологиясымен сырқаттанғандар, – деді консультативті-диагностикалық емхананың меңгерушісі Ляззат Шоланова.

Бодиплетизмограф өкпенің көлемін өлшеп, тыныс алу жолдарының бітелуін анықтайды. Тыныс алу жүйесі ауруларын диагностикалау мен бақылау үшін маңызды көрсеткіштерді бағалауға мүмкіндік береді.

● КЕШ

Офицерлер де билейді

Қарағандыда жыл сайын офицерлердің балы өтеді. Биыл да құқық қорғау саласының азаматтары классикалық әуенге бикештерімен биледі. Бұл жолы 78 жұп қатысты.

Балды облыстық жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды. Мұнда сымбатты мырзалар мен сұлу бикештер өнер көрсетті.

Биылғы балға құқық қорғау органдарының офицерлері, Кеңес Одағының Батыры Т.Бигелдинов атындағы Қарағанды республикалық мектебінің курсанттары, Б.Бейсенов атындағы Қарағанды ҚР ІІМ академиясының студенттері, сондай-ақ «Жас сарбаз» кадеттері қатысты.

Сайыс бірнеше аталым бойынша өтті.

Бас жүлдеге Осакаров ауданының аға прокуроры Әнуар Салкеев пен Әлихан Бөкейхан ауданы прокуратурасының қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің прокуроры Айша Қуаныш ие болды. Әнуар жұбайын қолдаған. Себебі, балалық шағында спорттық бал биіне жаны жақын болған екен.

– Біз дайындыққа күш салдық. Полонез бен вальс билеуді үйрендік. Ұйымдастырушылар мен басшылық біздің дайындығымызға қолдау көрсетті. Бұл балда жүзден жүйрік шығу – біз үшін нағыз тосын сый болды, – деді Әнуар Сәлкеев.

Өз тілшімізден

«Жезқазған қалалық сотымен Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Гоголя көшесі, 12 үй, 20 пәтер мекенжайында тұратын Зауреш Турсуновна Тогузбаеваның арызы бойынша, 1993 жылдың 14 мамырында Қарағанды облысында туған Айдана Магауияевна Смагулованы хабарсыз кетті деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалған. Айдана Магауияевна Смагулованың жүрген жері туралы мәліметтері бар барлық адамдарға бұл туралы осы жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Жезқазған қалалық сотына хабарлау ұсынылады».

№385

● ӨНЕГЕ

Айналасын жүрекпен аймалаған

Қарағандының Штурманский деген көшесінің бойында әрі-бері өткеннің көзін еріксіз арбайтын ерекше аула бар. 5 қабатты үйдің алдында құрық мойынды керік керіліп, ай мүйізді арқар қасқайып тұр. Арқардың сол жақ іргесіне түйе шөгіпті. Бұтаға қыран қоныпты. Әріде құс ханшасы аққу қанатын жайған. Сәл аялдап, көз тастасаңыз, көңіліңіз жадырайды. Ал, күйбең тірлікке шырмалған көңіл әрнәрсеге алданбайды. Аула туралы, оны жасаған Серік Әбішев туралы бүтін Қарағанды халқы біледі деуге де болады. Себебі, қаншама газет бетіне басылған, телеарнаға да шыққан. Әлеуметтік желі де сүйіншілегелі қашан... Біз кейіпкерге басқа қырынан қарап көрмекпіз. Мәселен, мынау жарық жалғанда небір жасампаздар бар. Мейлің, үлкен немесе кіші болсын, бірдеңе жасау үшін адамның ішінде бір нұр болуы керек емес пе?! Жасампаздыққа нұр керек. Міне, біз Серік Әбішевтің ішіндегі нұрды көргіміз келеді. Бір көзге айтарлықтай дүние болмауы мүмкін. Бірақ, осы бір аядай аула қаншама балаға қуаныш сыйлады. Маңайда тұратын көршілер де дәл осы аулада серуендеуге құмар. Серік атамыз жәй ғана қолөнерші емес екен.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Серік Әбішев 1947 жылы Жаңаарқа ауданында туған. «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да, тартпай қоймас негізге» депті әулие бабамыз Бұқар жырау. Әлгі біз айтып отырған нұр тектен берілсе керек. Алпыс екі тамырдағы ыстық қан – сол нұрдың мекені ме дерсің. Әкесі Шерғали Әбішұлы ұлағатты ұстаз болған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Білім мен парасат иесі мемлекет қайраткері Байкен Әшімовке сабақ беріпті. Ал, үлкен атасы Көбетей Абылай ханның бір батыры болған. Тағы бір атасы – Жарқын батыр. Ол – қазақтың соңғы ханы Кенесарының сенімді серігі. Қырғыз жеріне дейін жетіп, сол жақта тұтқынға түскен. Серік атамыз – палуан. 9 сыныптан бастап самбомен айналысыпты. Жаңаарқадағы Атасу станциясының мектебінде оқып жүргенде талай мәрте аудандық жарыстарда жеңіс тұғырына шыққан. Әскери борышын өтеп жүргенде Қырғызстан мен Қазақстан ішкі істер әскерлерінің арасында өткен біріншілікте чемпион болған. Бұл күш батыр аталарынан жеткен-ау?!



Әкеден ұстаздық дарыса керек. Серік Әбішев қырық жылдан астам уақыт ұстаздық етіпті. Еңбегі еленіп, «Халық ағарту ісінің үздігі» атағы берілген. «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісі де кеудесінде жарқырап тұр. Екі ұл, екі қызды әкесі. Үлкен ұлы Ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет еткен екен. Өзінің айтуы бойынша, қызмет барысында ауыр жарақат алып, қайтыс болған. Серік атаның әр сөзінен, көзінен ерге тән мінезін сезесіз. Сабыр дегеннің не екенін шын ұққан байсалды қария. Жанында отырып өмір туралы толғамдарын тыңдап отыра бергің келеді. Әуелде өзінің алған марапаттарын айтқысы келмеді. Атағын жария етуді жөн санамады. Бұл қылығына іштей сүйсіндім.

– Өмірдің көбі артта қалды. Шама-шарқым келгенше елге қызмет етуге тырыстым. Жастар да елге қызмет етуге талпынса екен. Еңбек – ғұмырыңа мән береді. Осы жасқа келгенше еңбектен қол үзген емеспін. Қаланың пәтерінде күн кешсем де, айналысатын жұмыс тауып аламын. Қартайған адамға қимыл керек. Қимылдамасаң, денсаулығың сыр береді. Өмір бойы спортпен шұғылданып, жұмыс істедім. Бойың соған үйреніп қалады. Далаға шығып, ауламды безендіремін. Кейде адамдар мүсіндерді суретке түсіріп, қызықтап жатады. Соған әйнектен қарап тұрып, қуанамын. Кеудеме ерекше шуақ төгіледі. Бұл да бір бақыт десем болады. Сенің жасаған еңбегің біреуді қуантып жатса, бақыт. Солардың қуанышы маған жігер береді, – деді Серік Әбішев.

Жасы сексенге жақындаса да, сымдай тартылған. Бірнеше рет жазғы марафондарға қатысып, медаль алған. 62 жасында 35 шақырым жүгірген. Әлі күнге дейін спорттан алыстамаған. Қар қалыңдағанда шаңғы тебемін дейді.

Журнал столы да бар екен. Кейінде кітапханаға барып, Міржақып Дулатовтың өлеңдер кітабын алыпты. Көркем әдебиет оқиды әлі күнге дейін. Одан басқа да газет-журналдар толып жатыр. Жануарлар әлемі туралы қалың энциклопедия да көзімізге түсті. Серік атаны мына әлемнің жаратылысы да қызықтыратын секілді.

Аядай ғана пәтерде тұрса да, күні бойы қолы босамайды. Жүгіреді, шаңғы тебеді, кітап оқиды, мүсін жасайды. Мүсін жасауға кіріспес бұрын сұлбасын қағазға түсіреді екен. Атаны әуесқой суретші десек те болады.

Ауланы безендіруге көршілері көмектеседі. Біреуі қаржылай қолдап, қажетті материалдарды сатып алады. Көршілердің арасында дәнекерлеуші де бар екен. Мүсіндердің қаңқасын сол жасаған. Біз барғанда Лариса Барцева деген көршісін «журналистер келді» деп жанын қоймай алып шықты. «Бұл көршімнің еңбегі ерен. Мүсіндерге қажетті орындардың құжатын әзірлеп, жанталасып жүреді. Жақсының жақсылығы айтылуы керек» деді. Серік атаның бұл әрекетінен адалдықты байқадық.

Дәм үстінде біраз әңгімелестік. Түсінгеніміз, түйгеніміз аз емес. Аулада амандасқан балаға да, үйге келген туған-туыс, дос-жарандарының балаларына да шеберханасынан шыққан бұйымдарды сыйлап жібереді екен. Серік ата үшін өмірдің мәні – маңайыңа титтей де болсын қуаныш шуағын шашу секілді. «Баланы мәз қылғым келеді» деді бір сөзінде.

Шынымен де, әр адам бұл өмірден өзінше мән іздейді. Біреу атақты болғысы келеді. Енді біреуі байысам, шалқысам дейді. Айта берсеңіз, көп. Енді біреулері мәнін таппай, өмір көшінің бір жиегінде қалады. Серік атаның өмір салтына қарап, «мәнге» деген көзқарасымыз сәл де болсын өзгергендей. Үздіксіз еңбек ету, қолыңнан келгенше адам баласын қуанту, тән мен жанды қуаттау. Міне, Серік ата бізге осыны ұқтырды.

Жан дүниесіне нұр түскен қариямен әңгімелесіп отыра бергің келеді екен. Бірақ, біздің сапарымыз әлі алда. Қаншама күрес, міндет тұр алдымызда. Серік атаның нұрынан сәл де болсын жылу алып, әрі қарай кеттік. «Халықтың қызметіне жаранда!», – деп бата берді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ЖАҢА ФИЛЬМ

Бір ән, үш тағдыр

«Ханның қызындай Ханбибі деген сіңлім бар» деген Фариза Оңғарсынованың бір сөзі бүгінде бүкіл қазақ ән тарихына ұран салғандай. Әңгіме 1988 жылы туған композитор Тұрдықылыш Ізтаевтың әні мен ақын Ханбибі Есенқараеваның сөзіне жазылған «Нурикамал» әні жайында. Әрине, ән тарихы айтылып, аңызға айналғалы қашан. Ал, қарағандылық киносүйер қауымның аузында жүрген режиссер Ернат Байұзақтың осы ән тарихына түсірген фильмін көріп үлгердіңіз бе?

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фильм алғаш 7 қараша күні жарыққа шықпас бұрын режиссер Ернат Байұзақ «Нурикамал» фильмін не үшін көру керек деген бес сауалға жауап айтқан еді.

– Жүз ойланып, мың толғандым. Өйткені, фильмде бүтін бір қазақ мәдениетінің тарихы, адамдар тағдыры тұр. Жауапкершілігі қылкөпірден қырыңмен өткендей болды расы керек. Темекі шекпесем де, сол Тұрдықылыш ағамыздың музасын іздегендегі кейіпке ендім десем, артық емес. Ұзақ толғаныстан туған туынды актерлер шеберлігімен қазақ кинолары қатарынан ерекше орын алды. Ал, фильмді көруге жеке бес ұсыныс айтар едім. Ең бірінші, бұл фильм мәдениет тұлғаларының тікелей өмірі хақында түсірілген. Аты алтын әріппен жазылған «Нурикамалдай» әннің тарихы. Екіншіден, махаббат фильмде ерекше суреттелді. Жо-жоқ, бұл біз күнде түрік сериалынан көріп жүрген махаббат емес. Ерекше қазақы тәрбие саясындағы сиқырлы, тәтті әрі ұяң сезім. Ол сезім – дүбәра түйсігі жетпейтін, тілсіз, тек екеудің көзқарасымен ғана түсінісер дүние. Үшіншіден, қазақ мәдениеті мен руханиятына бір табан жақындасуға таптырмас құрал. Себебі, көрерменін танымдық тұрғыда байытар, ой салар фильм. Төртіншіден, киноны көріп отырып, сонау 80-жылдарға сапар шегесіз. Ата-аналарымыздың өмірі, сол кездегі сезім мен тәрбиенің үндестігі. Сөз қадірі мен сезім салмақтылығы. Ал, бесіншіден, біз бүтін бір ұжым – актерлер мен түсірілім алаңындағы қыз-жігіттер өте жауапты іс атқардық. Қазақ тарихын тағы бір мәрте жаңғыртып, қазақы мәдениеттің бір танымын ұсындық деп ойлаймын, – деп бөлісті өзінің Instagram парақшасында режиссер.

Расында, фильмнің алғашқы бөлігінен-ақ сонау өткен шаққа ондағы сөз сөйлеу мәнері, ойды тұспалдап жеткізу, сезімді сөйлеспей көзден ұғу секілді сәттерді аңғарасыз. Қош.

Ханбибі – елге танымал ақын. Заты әйел болғанымен, жүрегі ерге тән қазақ келіншегі мына бір сынға қалайша төзді?! Төзгені былай тұрсын, өз еркімен өмірлік серігін өзгемен бөлісуге қалай барды екен?! Заманауи қыз-келіншектің кез келгені түсінуі қиын шытырман сезім дәл осы жерден басталады.

Бәріне себеп – тау басындағы басқосу. Нурикамал – сүйріктей ақылына көркі сай сұлу қыз. Онымен қоса, ол сонда жаңадан келген мәдениет басшысы. Ханбибі – сол ортаның беткеұстар ақыны, ал, Тұрдықылыш – ел мақтанышы, белгілі композитор. Сол бір шағын басқосуға күйеуін қолқалап алып барған Ханбибі муза таппай шақшадай басы шарадай болып, шығармашылығының шырқы болмай жүрген күйеуіндегі өзгерісті бірден аңғарды. Тіпті, басқосудан соң Ханбибі маңындағы қыз-келіншекті жиып алып, «Бірің қалмай атап өтеміз, бүгін тау басында кіршіксіз сезім дүниеге келді» деген екен. Бұл оқиғаны Ханбибі рөлін сомдаған актриса Гүлбахрам Байбосынова айқын жеткізе алды. Кейіпкердің тап сол шақтағы наласын ақылдылық пен парасаттылыққа алмастырып, тым қысқа келіншектік күндестікті ақын жанына салды. Сол ойдан барып, «Нурикамал» әнінің сөзі туған көрінеді. Бір сөзбен айтқанда ол күйеуінің әнге салмақ болған ішкі сезіміне тіл бітіріп сөйлетті. Актер Олжас Дәлелхан сомдаған Тұрдықылыш – мінезі ауыр, салмақты жан. Ол бар болғаны қарапайым композитор, сүйікті жар, жанашыр әке. Осы тұста «Қыз есі ерекшелігі бар немесе елге ерлігімен, не ерге сай бір мінезімен танылған жігітке кетпеуші ме еді?!» деген сауал тууы орынды. Бірақ, Нурикамалдың қыр соңынан қалмай жүрген Естай сөз салғандағы мына сөзі сол сауалға жауап бергендей. «Сендер сезімді байлықпен, өжеттілікпен, бірбеткейлікпен, еркектік түйсікпен мойындатқыларың келеді. Ал, Тұрдықылыштың бойында оның бірі де жоқ. Оның қалтасы таяз болса да, жүрегі бай» деген екен. Кино көрінісінің бірінде үстел басында Нурикамалдың есімінің мағынасын бұрын тапқан да осы Тұрдықылыш еді. Ондағы «Нури» сөзі кіршіксіз ақ, ал, «камал» кемеліне келген сұлулық дегенді білдіреді екен. Режиссер актерлерді де дөп басып тапқан секілді. Кино басталғаннан көркі көз тоймас сұлуды сомдаған Фариза Ескермес бұл рөлге келісім бермес бұрын он ойланып, алғашында фильм кейіпкерлерін түсіне алмағанын айтады.

Сурет ашық дерекқоздан

– Ойланыңызшы сіздің некелі жарыңыз басқа біреуге ғашық болып қалды. Сіз сол жарыңыз ғашық болған жанға тамсанып, өлең жазасыз. Ақылға сыя ма?! Ал, енді таза ақындық тұрғыда Ханбибі апайымыз екінші бір ойына жүгінген екен. Ол кісі қанша жерден композитор болса да, күйеуінің жүз ән жазып, тек соның бірімен ғана танылатынын, тарихта қалатынын білгендіктен осылай жасаған секілді. Ол жарының шығармашылығы үшін әйелдік принциптен аттады, – деп жазды актриса Фариза Ескермес.

Қазір күйеуі ғашық болмақ түгілі маңайында өзгені көре сап, тұра аттандап ажырасуға апарар жандар қаншама?! Әрине, көпке қарап «Солайсыңдар» деу қате, десек те, ондайлық баршылық қыз-келіншектер арасында.

Режиссердің тағы бір тапқырлығы – әйелдердің Тұрдықылыш пен Нурикамалға сұқтанып, сумаңдаған тілдерін безеуі. Бұдан тұтас қоғамның сылдыр сөзбен атанды алып ұрып, жақсыны жолдан тайдыратындығы жатыр. Қазіргі қазақ қоғамындағы арзан әңгіме, біреудің отбасының ойраны, шаңырағындағы мәселесін ұялмай ортаға салып талқылауы айқын көрініс тапқан. Кезіндегі ақ үйдің айналасында қалар отбасылық әңгіменің алты рулы ағайынға тарап, қала берді зең мен сотты араластырған қоғамның тым тар түйсігін жеткізгісі келген-ау шамасы.

– Киноны қазақы кино деуге толық негіз бар. Отбасы болып, ұл-қызыңмен, келініңді алып барып бірге көрер дүние екен. Нағыз біздің кезіміздегі қазақы тәрбие. Ұяңдық пен тәтті сезімнің алауы. Көбі айтуы мүмкін Ханбибі ақын ол текті ұрпақ деп. Мен оған келіспеймін. Бұл жерде тектіліктің еш қатысы жоқ. Немене күйеуін қызғанған әйелдер тексіз бе?! Мәселе әр адамның санасында, ой-өрісінде, – деп кинодан алған әсерімен бөлісті Тұрсынгүл Серікова.

Ханбибіде екі таңдау болды. Бірінші – Нурикамалға ит қосып қуып, күйеуін қызғанып, қатардағы әйел болу, екінші – сезім алауын көсеп, сезімнен туған туындының себепшісі болу, яғни, бір туындының тууына мүмкіндік жасау. Ол екінші жолды таңдап, ел алдында үш бірдей жанның абыройына сайып шықты. Тіпті, кейін күйеуінің мінез-құлқын көріп Нурикамалға ұсыныс айтқан жері де өте әсерлі еді. Қазақ киножиынтығына көп туындылар енді. Алайда, «Нурикамал» фильмі ол бір төбе туынды деуге келері анық. Көп естігеннен бір көріп, тарих тарауларына сезіммен сапар шегу бар. Қапы қалмаңыздар.

● ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Ұлыларды ұлықтаған ән кеші

Кеншілер мәдениет сарайында қазақтың әйгілі әнші, композиторы Біржан салдың 190 жылдығы, қазақтың халық композиторы Балуан Шолақтың 160 жылдығы, КСРО Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, композитор Сыдық Мұхамеджановтың 100 жылдығына арналған «Атадан қалған асыл ән» атты дәстүрлі ән кеші өтті. Ән кешінде дүлдүлдерден мұра болып қалған классикалық әндер шырқалды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ән кешінің шымылдығын Мәдениет саласының үздігі Ержан Базарбеков Біржан салдың «Он саусақ» әнімен ашты. Содан кейін, Балуан Шолақтың шоқтығы биік «Ғалиясын» Сұлтан Тілеубеков әуелетті. «Сентябрь» әнін Азат Әбдіғалым шырқады.

Халық әртісі, композитор, Сарыарқаның саңлағы Сыдық Мұхамеджанов композиторлар мектебінің негізін қалаушылар мен 60-шы жылдары шыққан композиторлардың арасындағы алтын көпір болған. Абай өлеңдеріне жазылған «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» атты әндері композитордың тұғырын биіктете түскені анық. Лиризмге тұнған «Көктем вальсі», «Сырлы қайың», «Шолпаным», «Тербеледі тың дала», «Жарқырайды Теміртаудың оттары», «Еңбек әні», «Жастар маршы» секілді әндері әуен болмысын түсінген халықтың арасында шырқалып келеді.

«Өзгеге көңілім тоярсың» әнін Шыңғыс Сәрсенбай шырқады. Ануар Адамбаев «Есіңде барма жас күнің» әнін, Мәдениет саласының үздігі Сырым Хордин «Жарқ етпес қара көңілім..» әнін орындады.

Балуан шолақ Ғалияға арнап, бірнеше ән шығарған деседі. Олардың әрқайсысының бөлек сарыны бар. «Ғалия» әнінің үшінші түрін тыңдарманға Саян Мұздыбай жеткізді.

Сахнада өте сирек айтылатын әндердің бірі – Біржан салдың «Он екі взвод» деген әні. Бұны Данияр Түсжанов шырқады. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің кавалері Сержан Мұсайын Біржан салдың «Сырғақты» әнін әуелетті.

Дәулеткелді Сағатов халық арасында кеңінен таралған әйгілі «Екі ғашық» әнін орындады. Ал, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әркенов Біржан салдың «Бурылтайын» сырнаймен құлпыртты.

«Толқыннан толқын туады, Толқынды толқын қуады». Ән сүйген қазақ баласын жалт қаратқан Қайрат Байбосынов, Мейірхан Адамбеков, Жақсыгелді Кемаловтардан кейін Ерлан Төлеутай, Ерлан Құжиман, Ержан Базарбек, Құрмаш Ыбышевтардың толқыны жетті. Сержан Мұсайын мен Дәуренбек Әркеновтердің, Гүлмира Тапайлардың да дүбірі Алашқа жайылды. Сырым Хордин мен Бекжан Әкеевтер де жарқырады. Медет Осатаев пен Әнуар Адамбаев, Азамат Түсіпбек, Ерден Байқотановтарды, Саян Мұздыбайды да айтпай кетуге болмайды. Бұл толқын да мойындата алды десек, қателеспейміз. Шыңғыс Сәрсенбай мен Сұлтан Тілеубеков, Азат Әбдіғалым, Жандос Иманбай, Еркінбай Маясаровтардың да буыны дүрілдеп келеді. Айбек Рымғали, Дәулеткелді Сағатов, Қуандық Төкенов, Азамат Сәкен, Ақжігіт Дәулетбек. Міне, домбыра ұстап, қазақ әнін әуелетіп, деңгей көрсетіп жүрген Арқаның толқындары ән кешінде тыңдарманның жартастай кеудесін теңселтті. Соңында Азамат Сәкенов, Абылай Мейраш, Фарида Саутхан, Аяжан Әкеева шықты. Бұлар да – жаңа толқынның басы. Аяжан Әкеева – Дәуренбек Әркенов пен Гүлмира Тапайдың шәкірті. Әнді сырнаймен шырқайды. Ал, Қарағандыда әнді сырнаймен сүйемелдейтін және сонысымен елді мойындатқан бір әнші бар. Ол – Дәуренбек Әркенов.

«Арқаға келіп, әншімін деме» деген сөз бар қазақ арасында!

Суреттер Кеншілер мәдениет сарайының баспасөз қызметінен

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Қасым жыры – ғасыр жыры

Ақын мұрасын дәріптейтін Қасым оқулары жыл сайын ұйымдастырылып, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде ұлықталып жүр. Биыл да осы үрдіс жалғасын тапты. Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен Н.Гоголь атындағы әмбебап ғылыми кітапхана ақын оқуларын ерекше форматта өткізді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Шықшы тауға, қарашы кең далаға» атты өлкетану экспедициясы барысында дауылпаз ақынның өлеңдері оқылып, әндері шырқалды. Бұл додада жоғары оқу орындарының «Dayul», «Сағынов жастары», «Күретамыр» тобы, «Бірлік», «Жауһар» топтары өзара мықтыны анықтады.

Жыр аламаны қатысушыларының алғашқы аялдамасы Қарқаралы топырағындағы Қарқабат ана ескерткіші болды. Мұнда аудан басшылығы Қасым еліне аттанған жастарды сән-салтанатпен күтіп алып, сәттілік тілеп, шығарып салды. Қасым Аманжолов ауылдық округіне аялдаған экспедиция қатысушылары Қасым ауылында орналасқан ақын ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Қасым ауылында қатысушы топтар өздерін таныстырып, ұрандарын айтты. Одан кейін «Ой ширату» ойыны ойнатылып, әр топ ақын жайлы сұрақтарға жауап беріп, өзіне тиісті ұпайларын еншіледі. Сондай-ақ, экспедиция мүшелері ауыл мектебінде орналасқан Қасым өлкетану музейіне экскурсия жасап, ақын өмірімен жақынырақ танысты. Одан кейінгі аялдама Аққора ауылында қатысушылар Қасым Аманжоловқа арналған ескерткішке гүл қойып, тағзым етті. Ескерткішті ауыл тұрғындары 1987 жылы өз қаражатына Алматыға тапсырыс беріп жасатқан.

Соңыра Сарыобалы ауылына бет алып, кейін Қасым Аманжоловтың кіндік қаны тамған жерде Қасым құдығы мен ескерткішін көрді. Дүбірлі дода қатысушылары ерекше әсермен Сарыобалы ауылының клубында Қасым Аманжоловтың өлеңдерін оқып, әндерін орындап, өнерлерін паш етті. Осылайша «Шықшы тауға, қарашы кең далаға» атты өлкетану экспедициясының бірінші күні тәмамдалды.

Экспедицияның келесі күні Қарқаралының Мәдениет үйінде қорытындыланып, әр топ Қасым Аманжолов шығармашылығына арналған бейнебаянын көрсетіп, көрермен назарына ұсынды. «Ұшқыр ой» сайысында ақынның белгілі бір өлеңі беріліп, қатысушылар сол өлеңге жан бітірді. Болып жатқан құбылыстың суретін салып, өлеңге талдау жүргізді.

Бірінші орынды Қарағанды медицина университетінің «Күретамыр» тобы, екінші орынды Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Dayul» тобы, үшінші орынды Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Сағынов жастары» тобы иеленді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сыйлықтар мен арнайы дипломдар табысталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

● КАРАТЭ

Чемпион атанды

Қарағандыдағы Ә.Ермеков атындағы лицейдің 9-сынып оқушысы Алан Қуаныш Өзбекстанда каратэден өткен халықаралық жарыстың жеңімпазы атанды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аланның әкесі Нұрлан Қуанышұлы ұлын 5 жасынан бапкер Владимир Сапрыкиннің қолына тапсырыпты. «Восток» жекпе-жек мектебінде жаттығатын Алан 9 жыл бойы бірнеше мәрте қалалық, облыстық және дүниежүзілік сайыстарға қатысып, жүлделі орындардың жеңімпазы атанған.

– Сайыстарға қатысқан сайын ерекше күш аламын. Алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындырсам деймін, – дейді Алан Қуаныш.

Мұғалімдері жастайынан спортты жанына серік еткен Аланның каратэ, ұлттық спорт түрлері, жекпе-жекпен қатар айналысып келе жатқан жан-жақты, талантты спортшы жас екенін мақтанышпен айтады.

Сурет кейіпкерден

● ХОККЕЙ

Ел құрамасының ерен жеңісі

Алматыда алғаш рет хоккейден құрлықтық дода өтті. Қазақстан құрамасы байрақты бәсеке барысында осал ойын көрсетпеді. Ойын нәтижесі бойынша Жапония мен Қазақстан құрамасы 6 ұпайдан жинап, тең түсті. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін Жапониямен өткен матчта біздің ойыншылар жинақы әрі нәтижелі ойын көрсетіп, 5:1 есебімен жеңіске жеткен болатын. Жеке кездесудегі жеңісті қаперге алып, төрешілер жеңісті ел құрамасына берді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл ретте Қазақстан командасының капитаны Евгений Рымарев алғашқы шабуылға қадам жасады. Ал, қорғаушылар Егор Наместников пен Владимир Гребенщиков және шабуылшы Евгений Королинский қарсылас қақпасына бір-бір шайбадан салды. Құрама сапында қарсылас қапысын тауып, шабуыл ұйымдастырушылардың қарағандылық хоккей клубының ойыншылары екені елге мәлім. Атап айтқанда, қорғаушы Егор Наместников пен шабуылшы Евгений Королинский «Сарыарқа» сапындағы ойыншылар.

– Ойынға барлық көрермен қауым куә. Әрине, алғашында аңдаусыз қателіктер кеткені бар. Бірақ, біздің жігіттер дер кезінде айыл жиып, жеңіске ұмтылды. Алғашқы ойын дәл осындай жемісті болады деп ойламасақ та, соған күш салдық. Біздің бар ойымыз – өз елімізде абыройдың асқарында қалу. Дайындық барысындағы еңбек пен төккен тер нәтижесіз емес, – деді шабуылшы Евгений Королинский.

Бұдан бұрынғы Оңтүстік Кореямен ойын қазақстандықтар үшін жемісті болмады. Десе де, Қытай құрамасымен кездесуде жігіттер жеңістің жалауын желбіретті. Қытай құрамасы сапында тек Таига Ирикура мергендік танытып, командасын алға сүйреген еді. Алайда, «Жалғыздың үні шықпай» Таиганың тыраштана тырысқаны нәтиже бермеді. Осылайша тарихта алғаш рет өткен хоккейден Азия біріншілігінің алтыны Қазақстан қоржынына түсті.

Жапония командасына күміс бұйырса, Оңтүстік Корея қола жүлдені иеленді. Ал, алдыңғы матчтардың бірінде жауырыны жер иіскемеген Қытай құрамасы бұл сында басы салбырап, жеңілістің ащы дәмін татқандай болды.

– Жапония құрамасын осал деуге келмейді. Ол команданың ойыншылары нағыз жауынгерлер сынды өте жылдам әрі ширақ қимылдайды. Біз оны біліп, соған қарсы өзіндік тактика құрдық. Ұлттық құрама сапында жас хоккейшілер көп. Бұл олардың кәсіпқой мансабындағы алғашқы ірі жарысы деуге болады. Ең бастысы, жігіттер жоспарды ойдағыдай орындап, ел үмітін ақтады. Алғашқы Азия чемпионаты айналмалы жүйеде өтті. Қазақстан құрамасы бірінші күні Оңтүстік Корея командасынан 4:1 есебімен ұтылды. Бұл күн көпшілікке күдік әкеліп, алаңға салды. Артынша, Қытай құрамасын 6:1, ал Жапония құрамасын 5:1 есебімен жеңіп аспанға тақия аттырып сүйіншілетті, – деді ұлттық құраманың бас бапкері Олег Болякин.

Расында, әлем тарихи жеңістің куәсі болды. Әлемнің ірі төрт бірдей елі атсалысқан байрақты бәсекеде ә дегеннен қазақ жігіттері топ жарды. Бұл сында «Сарыарқа» хоккей клубының ойыншылары Жәкен Ибрагимов, Егор Наместников, Руслан Дёмин, Евгений Королинский және Александр Борисевичтің еңбегін атап өту керек.

Сурет «Сарыарқа» клубынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Е. КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 128 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**